

Мемлекеттік рәміздер ұлықталды

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күні аудан орталығы Көктөбе ауылында салтанатты жиын өтті.

тұрған төрт белгі бар. Оның біріншісі – Көк байрақ, екіншісі – Елтаңба, үшіншісі – Өнұран, төртіншісі – Қазақ тілі», деген еді. Сол себептен біз патриоттық тәрбиені, ұлттық

қожалығының төрағасы Әлібек Мұсаповқа, аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы Танат Қалиевқа, аудандық қорғаныс бөлімінің қызметкері Гүлдана



«Менің туым! Менің елтаңбам! Менің өнұраным!» ұраны айтылып, алаңға жиылған мемлекеттік қызметкерлер және ауыл тұрғындары Қазақстан Республикасының Өнұранын орындады.

құндылықтарымызды құрметтеуден, мемлекеттік нышандарымызды дәріптеуден бастауымыз қажет, деп атап өтті аудан әкімі Б.Ысқақова.

Сондай-ақ, салтанатты жиында ауданымыздағы татар-башқұрт

Абыловаға, ветеринария станциясының фельдшері Ерхан Шәріповке берілді.

Мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау рәсімі де мереке аясында ұйымдастырылды. Аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, автокөлік жолдары және жолаушыларды тасымалдау бөлімінің бас маманы Мақпал Мусина, аудан әкімі аппаратының бас маманы Ерхат Жәнібеков, аудандық білім беру бөлімінің бас маманы Нәзигүл Мұқатаева мемлекеттік қызметті адал атқаруға ант берді.

Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Өнұран – біздің ең киелі құндылығымыз, рухымызды асқақтатар айбынымыз! Сондықтан



Көпшілік алдында сөз алған аудан әкімі Бегзия Ысқақова барша жұртты Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады. Мемлекеттің айрықша белгілері, қастер тұтар Туы, Елтаңбасы, Өнұраны қашанда үлкен құрметке лайық екендігін мәлімдеді.

- Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Тәуелсіздікті алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп

этно-мәдени орталығының жетекшісі Сильванович Фирая Шәкірқызы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталды.

Бұған қоса «Нұр Отан» партиясына енген азаматтарға партия билеттері табысталды. Партия билеттері аудандық әділет басқармасының басшысы Алма Сәлменоваға, «Ақылбек» шаруа

да тәуелсіз еліміздің рәміздерін көзіміздің қарашығындай сақтап, қасиет тұтуымыз керек!

Өз тілшіміз.



Баспасөз баяны

2015 жылғы 4 маусым

Өңірлер арасы жақындай түсті

Аймақаралық ынтымақтастық аясында Павлодар облысының әкімі Қанат Бозымбаев Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барды. Жұмыс сапары аясында екі облыс әкімдігі ресми кеңес өткізді. Кеңесте екі өңірдің ынтымақтастық перспективалары талқыланды. Басты мәселе арнайы экономикалық аймақтарды дамыту туралы болды.

- Біз маңғыстаулық кәсіпорындарды біздің «Павлодар» АЭА-ға ынтымақтастық аясында жұмыс жасауға шақырамыз. «Павлодар» АЭА-ның басты бағыты химия, металлургия және өзге де салаларда жаңа өнімдер шығару болып табылады. Павлодар облысы республиканың минеральды-шикізат кешенінде жетекші орында. Пайдалы қазбалардың басым бөлігі республикалық маңызға ие, - деді облыс әкімі Қ.Бозымбаев.

Ал, Маңғыстау облысының «Ақтау Теңізпорты» арнайы экономикалық аймағында 32 жобаны іске асыратын субъекті тіркелген, қазіргі таңда оның 9-ы жұмыс жасап тұр. Ағымдағы жылы 5 жобаны іске қосу жоспарланған. «Ақтау Теңізпорты» АЭА 6 субаймақтан тұрады. Оның ішінде жалпы ауданы 2000 гектар болатын жағалау аймағы да бар.

Кеңестен кейін өңір басшысы Қ.Бозымбаев Маңғыстау облысының «КИС-Ақтау» ЖШС, «Каспий Тас Жол» ЖШС-те болды.

Сонымен қатар облыс әкімі маңғыстаулық кәсіпкерлермен де кездесті. Ресми кездесуде Павлодар облысының инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды.

Павлодарлық бірқатар кәсіпорындар Маңғыстау облысындағы әріптестерімен бұрыннан ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді. Мәселен, «Қазэнергокабель» АҚ 2014-2015 жылдары өңірге сомасы 709 млн. теңге болатын кабельді-өткізгіш сым өнімдерін жеткізген, «KSP Steel» ЖШС соңғы екі жарым жылда сомасы 26 млрд. теңге болатын жіксіз құбырларды батыс өңіріндегі мұнай-газ кешендеріне сатып іске асырған.

Павлодар облысының әкімі Қ.Бозымбаев пен Маңғыстау облысының әкімі А.Айдарбаев аймақаралық ынтымақтастықты дамыту, өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі меморандумға қол қойды.

Меморандумда көзделген басты

мақсат – өңірлер кәсіпорындары шығаратын өнімдерді жеткізіп, өзара тиімді іске асыру, маңғыстаулық кәсіпкерлерді «Павлодар» арнайы экономикалық аймағындағы жобаларды іске асыруға тарту.

Аймақ басшылары өз құзыреті шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілері шығаратын өнімдерді сатып іске асыру үшін жаңа тұтынушыларды іздеуге қолдау көрсету туралы келісті. Осы мақсатта түрлі жәрмеңкелер, көрмелер мен сауда-экономикалық іс-шаралар ұйымдастырып, екі өңірде шығатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді насихаттау мен сатып іске асыруға баса мән беретін болады.

Қол қойылған Меморандум аясында біздің өңір Маңғыстау облысына картоп, көкөніс пен астық жеткізетін болады.

Әлеуметтік бағытта екі өңірдің денсаулық сақтау саласы мамандары озық емдеу-диагностикалау үрдістерін жетілдіру үшін тәжірибе алмасатын болады. Сонымен қатар, білім мен ғылым салалары аясында екі өңір мамандары басымдыққа ие ғылыми-техникалық бағытта бірлескен инновациялық зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады.

Сонымен қатар Маңғыстау мен Павлодар облысы мәдениет мекемелері арасында гастрольдік концерттер, фестивальдер, байқаулар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер ұйымдастырады.

Еліміздің батысы мен солтүстік облыстары экология мәселесіне қатысты да озық тәжірибемен алмасатын болады. Экологиялық мәселелерді шешу, табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру, су және орман шаруашылықтарын басқару мен қорғау мәселелерін бірлесе отырып жете талдайды.

Ертістің Павлодар өңірінің шығармашылық ұжымдары Ақтау төрінде гала-концерт қойды. Театр өртістері А.Цагарелидің музыкалық комедиясы «Хануманы» сахналады. Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы өз қорынан «Ертістің Павлодар өңірі тарих толқынында» атты көрме ұсынды.

Павлодар облысы әкімінің баспасөз қызметі
б.т.320922,324137,321477
pressa.ao@pavlodar.gov.kz

Аудан бойынша 2015-2016 жылдардағы жылыту маусымына дайындық

2015-2016 жылдарының жылыту маусымына жалпы бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға 7820 тонна қатты отын қажет, оның 7078 тонна тас және 742 тонна қоңыр көмір. Жалпы отын шартты үш негізгі топқа бөлінген: білім беру саласы – 6209 тонна (6040 тонна тас және 169 тонна қоңыр көмір), мәдениет саласы – 1017 тонна (938 тонна тас және 79 тонна қоңыр көмір), мемлекеттік органдар саласы – 594 тонна (100 тонна тас және 494 тонна қоңыр көмір). Өткен жылыту маусымында сатып алынған көмірдің қалдықтары Ақжар орта мектебінде 60-70 тонна, Қаратерек мәдениет үйінде 30-40 тонна, Саты мәдениет үйінде 5-10 тонна.

Аталған қатты отын көлеміне қарастырылған ақшадай қаражат сомасы 41,5 миллион теңгеге тең, оның 32,6 миллион теңгесі – білім беру саласына, 5,3 миллион теңге – мәдениет саласы, 3,5 миллион теңгесі - мемлекеттік органдар саласы.

Бүгінгі күні білім беру және мәдениет салаларына қатты отын тасымалдаушыны анықтауға тауарлы биржа арқылы мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, «НұрАқсу» ЖШС-гі жеңімпаз болып анықталды. Мемлекеттік орган саласына қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу рәсімі өткізіліп жатыр.

Алдағы жылыту маусымын толассыз өткізу мақсатында аудан бойынша істегі 30 қазандығынан Малайсары орта мектебінде (1092,0

мың теңгеге «Песчанский ремзавод» ЖШС орнатты) және Жұмыскер ауылының мәдениет үйінде жылыту қазандарын ауыстыру жоспарланып отыр. Ал Қазақстан орта мектебіндегі бу қазандықтары бүгінгі күнге дейін электр жүйесіне ауыстырылмаған, техникалық шарттарды алу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар Көктөбе ауылының орталық қазандығына күрделі жөндеу жұмыстарын өткізу мақсатында аудан бюджетінен бөлінген 1,5 миллион теңгеге жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, 59,2 миллион теңге облыс бюджетінен бөлу үшін бюджеттік өтінім жолданды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің өкілдерімен ұйымдастырылған жұмыс сапарының негізінде келесі нысандарда біршама жұмыстар атқару қажеттігі туындап отыр:

- Қазан ауылдық округіндегі Қазақстан орта мектебінде жылу жүйесін электр қазандығына ауыстыруды аяқтау;

- Жылыту маусымы аяқталған соң Ақжар, Май, Майтүбек, Жұмыскер, Малайсары, Кеңтүбек орта мектептерінде, Қаратерек, Малайсары, Кеңтүбек ауылдарының мәдениет үйлерінде ағымдағы жөндеу жасалмаған, жапқыштардың ревизиясы орындалмаған;

- Ақжар ауылының мәдениет үйінде қазандықты ауыстырумен, жылу жүйесіне қосымша жылыту радиаторларын жалғау қажет;



- Май, Баскөл, Жұмыскер ауылдарының мәдениет үйлерінде бу қазандықтарын ауыстыру қажет;

- Май және Қаратерек ауылдарының мәдениет үйлерінде күл үйіндісі шығарылмаған.

Қазіргі уақытта аудан бойынша анықталған кемшіліктерді жою үшін нысандар басшылығы ақпараттандырылып, сәйкесінше жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы 2015-2016 жылдарының жылыту маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүру үстінде.

А. Қалияқбаров,
аудандық тұрғын үй -
коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары
бөлімінің басшысы.

Балалық шақ ~ балбұлағым

1 маусым Халықаралық балалар құқығын қорғау күніне орай аудан орталығы Көктөбеде мерекелік шара өтті.

шығып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Балаларды төл мерекелерімен құттықтап, ел ертеңі – бүгінгі балғын балалар екенін,

«Айгөлек» балабақшаларының тәрбиеленушілері, Байғабыл Жылқыбайұлы атындағы өнер мектебінің, Жалтыр орта мектебінің



1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы бала құқығы туралы конвенция қабылдап, содан бері әлем елдері бұл күнді айрықша мереке ретінде тойлап келеді. Бала құқығының қорғалуы мемлекеттің айрықша назарында тұруы керектігін есте естен шығармауға шақырған көпшілік үні көп елдердің қолдауына ие болған еді.

Балаларды қорғау күні аясында Тәуелсіздік алаңына жиылған қауым аудандық оқушылар үйінің ұжымы әзірлеген «Балалық шақ – балбұлағым» тақырыбындағы түрлі қойылымдарды, көріністерді, ән мен би өнерін тамашалады.

Сахна төріне аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мәдина Құсайынова

олардың алған тәрбиесі мен біліміне қарай еліміз алға қарай қадам басатынын, мемлекеттің болашағы

шәкірттері өнерлерін ортаға салып, белсенділік танытты.

Балалар құқығын қорғау күні тек



жарқын болуы үшін «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің дана сөзін жадымыздан шығармауымыз керектігін атап өтті. Шара барысында «Ақ бота»,

ғана аудан орталығы Көктөбеде ғана емес, ауданның барлық ауылдық елді мекендерінде кең көлемде мерекеленді.

Аудан бойынша өсімдіктерді қорғау саласында атқарылудағы жұмыстар

2014 жылдың жазғы, күзгі айларында өткізілген фитосанитарлық зерттеулер нәтижесі бойынша аудан көлемінде ағымдағы жылы шегірткенің үйірлі түрі 281 гектар, жекелеген саяқ шегірткенің түрлері 200 га алқапта жұмыртқа балауыздарын салғаны анықталып, осы көлемде химиялық әдіспен өңдеу жұмыстарын өткізу жоспарланған.

2015 жылы көктем, жаз, күз айларында аудан бойынша 100 «Өсімдіктерді қорғау» бағдарламасына сәйкес өсімдік зиянкестерімен ауру түрлерін анықтау мақсатында барлығы 280,1 мың гектар алқап фитосанитарлық зертеу жұмыстары атқарылуда.

Ағымдағы жылы маусым айының 03-04 күндері ауыл округтері аумағында айқындалған – Баскөл - 100 га, Көктөбе -40 га, Майтүбек -30 га, Ақжар -30 га, жалпы 200 га «Өсімдік қорғау-К» ЖШС «Микрон» бүрку аппаратымен үйірсіз шегіртке экономикалық шектен асқан орналасқан жерлерде химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, колорад қоңызы картоп және бау-бақша өсімдіктерінің зиянкесі болып табылады. Осыған орай, өткен 2014 жылдың жазғы және күзгі зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша 2015 жылы аудан көлемінде колорад қоңызына қарсы 6 гектар алқапта республикалық бюджеттен химиялық өңдеу жұмыстары жоспарланған.

Улы химиялық заттардың

қолданылуымен, бүрку аппараты арқылы өткізілетін химиялық өңдеу жұмыстары, техника қауіпсіздігінің ережелеріне сәйкес елді мекен тұрағынан 1 шақырым және су қоймаларынан 2 шақырым қашықтық жерде орналасқан алқаптарда өткізіледі.

2002 жылы 03 шілдедегі №331 Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» заң талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар, өз ауылшаруашылық алқаптарында зерттеу жұмыстарын және зиянкестердің экономикалық шегінен асып дамуы мен таралуына жол бермеу мақсатында фитосанитарлық іс-шараларды өз қаражат күшімен жүргізуге міндетті.

Осыған орай, меншікті аула иелеріне өз бау-бақшаларын зиянкестерден қорғау үшін Қазақстан Республикасында рұқсат етілген пестицидтерді пайдалануға болады. Бұл пестицидтерді арнайы сауда орындарынан сатып алып, қолдану нұсқауларында көрсетілген мөлшерінде және қауіпсіздік ережелерін сақтай отыра қолдану керек.

Сонымен қатар арнайы жабдықталған өсімдіктерді қорғау саласында қызмет көрсететін ұйымдарға жүгінуге болады.

Қ.Тулев,
аудандық аумақтық
инспекциясының өсімдіктерді
қорғау жөніндегі мемлекеттік
инспектор - бас маманы.

Біз бақытты баламыз!

Бала - көңілдің гүлі, көздің нұры...

1 – маусым «Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай Май ауданының психологиялық – педагогикалық түзету кабинетінде «Біз бақытты баламыз!» атты мерекелік іс – шара ұйымдастырылды.

табыстады. Кабинет мамандары балаларға мерекелік дастархан әзірледі. Балалар мерекелік қуанышқа бөленіп, ата – аналар мен Малайсары ауылының әлеуметтік қызметкері балаларға, кабинет ұжымына жылы лебіздерін білдірді.

Кабинет ұжымына Көктүбек селолық округінің әкімі



Мерекеге Көктөбе, Кеңтүбек, Малайсары, Баскөл, Қаратерек ауылдарынан балалар мен ата – аналар шақырылды. Ертеңгілік балалардың өлең – тапқақтарынан бастау алды. Ата – аналар және балалармен түрлі қызықты ойындар, сергіту сәттері, суреттер, сұрақ – жауап байқаулары өткізілді.

Мерекемізге Б.Жылқыбаев атындағы өнер мектебінің оқушыларының орындауындағы ән мен күйлері ерекше сән келтірді. Ертеңгілікке орай Май ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім мамандары қатысып, ЖК «Прилепина» Надежда Викторовнаның балаларға арнайы дайындаған сыйлықтарын

Ө.Дүсіповтың «Құрмет грамотасы» табысталды.

Кабинет ұжымы Май ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ұжымы мен оны басқарып отырған майор Н.У.Аманжоловқа, концерттік бағдарламаны ұйымдастырғаны үшін Б.Жылқыбаев атындағы өнер мектебінің ұстаздары мен оқушыларына және оларды басқарып отырған мектеп директоры Т.Сайырханға дендеріне саулық, отбасылық бақыт, жұмыстарына жеміс тілей отыра, алғыстарын білдіреді.

Аудандық психологиялық – педагогикалық түзету кабинетінің мамандары.



Әкеміз - ардағымыз

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА

Отан үшін от кешіп, саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған ардақты әкеміз, асқар таудай атамыз Қапанов Құлқан Баянауыл ауданы Жосалы совхозында 15 наурыз 1922 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын 13 жасынан бастап, ауылдың малын бақты.

1941 жылы желтоқсан айында 19 жасар әкемізді туыстары Қызыл Армия қатарына шығарып салды. Ол майданға Баянауыл әскери комиссариатынан аттанды. Алдымен Ақмола қаласында пулеметші дайындайтын мектепте оқып, қолына қару алып, Отан алдындағы қасиетті борышын атқаруға аттанды. Украин майданы құрамында Польшаны, Румынияны, Чехославакия, Венгрия, Австрияны азат етуге қатысты. 1941 жылының желтоқсан айынан 1945 жылға дейін Ұлы Отан Соғысына қатысты. 181 СП, 189 СП – полкінде қол пулеметшы болды, аяғынан жарақат алды. Ф.И. Толбухин басқарған 3-ші Украин майданы Шығыс Австриядан фашистерді қуып, Вена астанасын тұтқыннан құтқарып, сонда Жеңісті қарсы алды.

Өзінен кейінгі екі інілері Қапанов Әбіл мен Сәбит Ұлы Отан соғысынан

оралмай, белгісіз кетті.

Әскер қатарынан оралғаннан соң Кемерово қаласында шахтада бригадир болып жұмыс атқарды. 1952 жылы 27



шілдеде Искандарова Рабегамен отау құрды.

1958 жылдың күзінде Қазақстан еліне оралды.

1958 – 1976 жылдары Лебязье ауданында «Бесқарағай» асыл тұқымды

мал зауытында аға шопан болып жұмыс атқарды. Еңбек жолы өте бай.

Алматы, Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмелеріне қатысты.

1960 жылы 16 қараша айында Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының 40 – жылдығы құрметіне арналған мал шаруашылығы жөніндегі мерекелік көрмеге қатысқаны үшін куәлік берілді және заттай сыйлық алды.

1965 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңіске 20 жыл толуына орай «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» медалімен марапатталған.

1967 жылы 7 қазан айында Бүкілодақтық ауылшаруашылық күніне орай «Почетная грамота» табыс еткен.

Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай СССР Қорғаныс Министрі А.Гречконың ашық хатымен марапатталған.

1973 жылы 17 мамырда Куәлік №3469 КСРО халық шаруашылығында жеткен жетістіктері үшін қола медалімен және бағалы сыйлықпен марапатталады.

Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитетінің №4 қаулысымен, 1975 жылы 9 шілдеде дипломмен марапатталды.

1976 жылдың қыркүйек айында Май

ауданы «Чапаев» совхозына қоныс аударып, өмірінің соңғы жылдарын осы ауылда өткізді.

1977 жылы 13 қаңтарда мал өсіруші II класс шебері деген атаққа ие болды.

1981 жылы 22 маусымда куәлік №11 «Мал шаруашылығының бірінші класс шебері» деген атақ берілді.

1982 жылы 31 шілдеде мерейлі 60 жасқа толуымен және зейнетке шыққанына «Ауыл шаруашылық ардагеріне» және мал шаруашылығын дамытуға қол жеткізген табыстары үшін сол жылы «Почетная грамотамен» марапатталған.

Ұлы Жеңіске 40 жыл толуына байланысты «Отечественной войны II степени» ордені сыйлыққа тартылды.

Құлқан атамыз Рабега алаймен 2 ұл, 3 қыз бала тәрбиелеп өсірді, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Өмірінің соңына дейін адал еңбек етіп, елеулі еңбектері үшін грамоталарымен, алғыс хаттарға ие болған соғыс және еңбек ардагері әкеміз 5 маусымда дүние салғанына 32 жыл болады. Әкеміздің бейнесін жадымызда мәңгі сақтаймыз.

Ардагердің балалары, немерелері.

Өткен ғасырдағы естелік

Орға құлаған өнерге жатпайды

1945-48 жылдары Жалтыр ауыл шаруашылығының басқарма төрағасы болған Халық Жүсіпов меншігіне қазіргі «Даугава» маркасы сияқты шағын, жеңіл автокөлік сатып алыпты. Оған машина жүргізуді үйретуді ауылдық шофер Рахман Момынжанов міндетіне алады. Ендігі жерде Жүсіпов жайлаудағы мал нүктелерін Рахманды рөлге отырғызып, өзінің жеңіл автокөлігімен аралайды да, колхоздың бір жарым тонналық жүк машинасын екінші шофер Елемес Мерғалинге тапсырып, шаруашылық жұмыстарына жегеді.

Бір күні басқарма төрағасы Халық Жүсіпов, оның орынбасары Айтжан Қоқымбаев, колхоздың тексеру комиссиясының төрағасы Ахметсыздық Ахмедиев және бастауыш партия ұйымының хатшысы Қабдыл Десұпов бар қырға шығып, мал нүктелерін аралап келе жатқан сапарында әдетте есіңкіреп, артықтау сөйлейтін Рахман:

- Шіркін, өнер атаулыны бос жібермей құрықтай білген менің мына он саусағым да бір күндері жерде шіриді-ау, Қақа! Темірді ат қылып мініп, ойға-қырға жүйтіктіп жүрген менің осы өнерім, нағыз өнер емес пе?! - деп екі қолын рульден алып Халыққа көрсете соза бергенде машина бір шұңқырға күмп беріп түсіп кетеді. Абырой болғанда ешкім онша зардап-жапа шекпепті. Шофердің өзі ғана сол қолын есікке соғып, қатты ауыртып алыпты.

Сонда Айжан Қоқымбаев жасының үлкендігіне басып:

- Өй, ит, машинаны тоқтатып қойып мақтанбай бәрімізді өлтіре жаздадың ғой.- деп ұрсып жатқанда Халық Жүсіпов:

- Раха, машинаның басына ие бола алмай орға құлаған өнерге жатпайды,- деген екен.

Ілөл Ахметсыздықұлы Ахмеди, Жалтыр ауылы.

ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІМІЗДІ АТАН САҚТАЙЫҚ!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруге айрықша рөлге ие» деп атап көрсеткен еді.

Ауданымыздан 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына әрбір үйден ата-әжелері, әке-шешелері, туған-туыстары қатыспаған адам жоқ шығар десем қателеспеген болар едім деп ойлаймын. Сұрапыл соғыс сол кездегі балаларды қызықты балалық шақтарынан жұрдай қылып, ерте еңбекке араластырды, әкелерін соғысқа әкетті, жалпы сол кездегі Кеңес одағы халқының басына, оның ішінде Қазақстан халқының басына қайғы мен қасірет әкелді, ауылда кемпір-шалдар, кәмелет жасқа толмаған балалар, соғысқа жарамсыз броньмен қалған адамдар, мүгедектер еңбек етті. Оны ұмытуға болмайды.

Соғыс біткен уақыттан жетпіс жыл өтті, ауданымызда Ұлы Отан соғысы ардагері бір адам ғана қалды, ол Май ауылының тұрғыны 90 жастан асқан Сыздықов Мағау ақсақал. Ол кісіге Үкімет тарапынан жасалынып жатқан сый-сияпатпен бірге Жеңістің - 70 жылдық мерекесіне орай аудан әкімінің ұсынысымен Май аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 2/48 шешімімен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін соғыс және еңбек ардагері Сыздықов Мағау ақсақалға «Май ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Өткен ғасырдағы тарихымыздың айғағы, кейінгі ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеп, рух беретін ауданымызда осы соғыста қайтыс болған, хабарсыз кеткен, соғыстан кейін еліне оралып, бейбіт еңбек майданында болашағымыз үшін еңбек еткен, қазір арамызда жоқ соғыс ардагерлеріне арналған әр ауылдарда саябақтарда орналасқан ескерткіш, монументтер бар. Осы ескерткіштердің жағдайы аудандық мәслихаттың күн тәртібінен түсіп көрген жоқ, депутаттық комиссия отырысында, сессияның мәжілісінде қаралып, бақылауда ұсталынып отырды.

Осыдан үш жыл бұрын 2012 жылғы 17 қазанда аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының кеңейтілген отырысында келе жатқан Жеңістің - 70 жылдық мерекесіне орай ауданда «Тарихи ескерткіш-монументтердің, гүлзарлардың, саябақтардың жағдайы туралы» мәселе қаралды. Ескерткіштерге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі ескерткіштердің балансқа алынбау себебінен екені анықталды, баланста болмағандықтан ескерткіштер мен парктер жүктелген мекемелер арқылы тек Жеңіс күні қарсаңында санитарлық тазалау жұмыстарымен шектеліп отырған. Кей

ауылдарда ауыл тұрғындарының өз күштерімен жасалынған жұмыстары ескерткіштерді күрделі жөндеу жұмысынан өткізу толық шешілмеді. Осыған орай халық қалаулылары жергілікті тиісті мекеме мен атқарушы органдарға осы ескерткіштер мен саябақтарды балансқа алып, қаржы бөлу ұсынысымен тиісті қаулы қабылдап бақылауға алды. Саябақтар мен ескерткіштер аудандық әділет органында иесіз мүлік ретінде тіркеуге алынды. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 104/4 қаулысымен аудандағы ескерткіштер мен обелисктер, саябақтар ауыл және ауылдық округі әкімдерінің балансына берілді. Олар:

Көктөбе ауылдық округінде саябақта орналасқан «Ерлік даңқы» (солдат мүсіні) обелискі және «Қаныш Сәтпаев» ескерткіші;

Баскөл ауылдық округінде «Жеңіс» (солдат мүсіні) обелискі, «Еңбек даңқы» (тың игерудегі трактор) ескерткіші, «Аманкелді Иманов» (ұлт-азаттық көтеріліс басшысы) бюсті;

Кентүбек ауылдық округінде «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына арналған» обелискі;

Малайысқы ауылдық округінде ҰОС арналған «Қаза тапқан жерлес батырлар» обелискі;

Саты ауылдық округінде ҰОС арналған «Әскери даңқ» обелискі;

Қазан ауылдық округінде ҰОС арналған «Белгісіз солдатқа» ескерткіші, «Ерлік даңқы» обелискі;

Майтүбек ауылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына арналған» ескерткіш, «Даңқ» обелискі; Қаратерек ауылдық округі ҰОС арналған «Белгісіз солдатқа» ескерткіші;

Май ауылдық округі ҰОС арналған «Белгісіз солдатқа» ескерткіші, «Ақтай Бекішев» бейітіндегі ескерткіші, (Май аудандық ІІБ бірінші бастығы, соғыс кезінде бандиттерді ұстау кезінде қаза тапқан);

Ақжар ауылы «Ерлік даңқы» обелискі;

Ақшимаң ауылдық округінде «Ер есімі - ел есінде» ҰОС ескерткіші, «Олжабай батыр» (бес қару) қалмақтармен соғыс ескерткіші, «Байқонақұлы Ақшыман» ескерткіші (Ақшимаң ауылының іргесін қалаушы, ауқатты, бай адам болған, ұрпақтары осы ескерткішті орнатқан).

Бұл бастама жұмыс әрі қарай жалғасын тапты. Ағымдағы жылдың 8 – сәуірі күні аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында жоспарға сәйкес, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің - 70 жылдығын ауданда атап өту қарсаңында ұйымдастыру іс-шара жұмыстарының барысы туралы мәселе қаралып, аудан әкімінің орынбасары Мәдина Қабзайытқызы Құсайынованың баяндамасы тыңдалды. Жеңістің жетпіс жылдық мерекесіне орай ауданымызда мәдени, жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеу, әлеуметтік іс-шаралармен бірге саябақтар мен ескерткіштерді жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жергілікті өзін-өзі басқаруда «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде балансқа алынған ескерткіштер мен саябақтарды абаттандыру және көгалдандыру мақсатында қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат

депутаттары, ауыл және ауылдық округ әкімдері, жеке кәсіпкерлер, ауыл тұрғындары бұл жұмысқа белсене атсалысқанын атап өтпегуге болмайды. «Бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла кірісудің арқасында қыруар жұмыс атқарылды.

Аудан орталығы Көктөбе ауылында 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Ерлік даңқы» атты солдат бейнесіндегі монументке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жазулары мемлекеттік тілде жазылды. Маңайы тазаланып, брусчаткамен жол салынып, шырша ағаштары отырғызылды, Солдат бейнесіндегі монументі қайта жаңғыртылды. Адамдар бос уақытында дем алатындай орындықтар қойылды, жарық орнатылды, жан-жағы қазіргі заман талабына сай қоршалып, қақпасы қайта жаңғыртылды. Осы атқарылған үлкен іс-шара көп жылдары ауданымызда шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі болған. Қазіргі уақытта шешімін тапты. Ұлы Жеңістің - 70 жылдығына Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жасалынған тағзым, кейінгі ұрпақтарымызды Отанына деген сүйіспеншілікке, өткен бабаларымыздың тарихын білуде, патриоттық сезімге тәрбиелеуде маңызды өте зор. Қазіргі уақытта тұрғындардың демалатын, Жеңіс күні тағзым ететін, үйленген жастардың фотоға түсіп, естеліктерінде қалатын орынға айналып отыр, оның жастарды тәрбиелікке баулуға алатын орны ерекше деп ойлаймын. Бұл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын орындау барысындағы ауданымызды көркейтудегі атқарылып жатқан жұмыстардың айғағы. Осындай жұмыстар барлық ауыл және ауылдық округтерінде атқарылып отыр.

Осы орайда айта кететін бір ұсыныс, ол осы ескерткіштер мен саябақтарды бүлінбей сақтау мақсатында күзет қойылса, аудан әкімі жанынан ескерткіштерді қорғау консультативтік-кеңесші комиссиясы құрылып, мәслихаттың шешімімен бекітілсе және осы комиссия ескерткіштердің жай-күйі туралы жыл сайын қарап отырған жағдайда тұрақты бақылауда болар еді. Халық игілігі үшін атқарылған жұмыстар мен еңбектер тегін кетпес еді.

Құрметті ағайын! Елі үшін жанын қиған бабаларымыздың рухын сылап, осындай тарихи ескерткіштердің бүлінбеуін қадағалап, аман сақтайық. Еліміздің тарихы келешек ұрпаққа аманат болып қалуы керек. Жалпы ауылымызда, көшемізде тазалықты сақтайық. Жылдан жылға еліміздің экономикасы көтеріліп, халықтың әлауқаты жақсарып, ауданымыз көркейіп келеді. Сондықтан осындай халық үшін, өзіміз үшін жасалып жатқан игілікті істерді қолдап, оны әрі қарай жалғастыруға атсалысаяық!

Қалкен Құрмашев,
Май аудандық мәслихат
аппаратының бас маманы,
«Нұр Отан» партиясының «Көктөбе-5»
бастауыш партия ұйымының төрағасы.

Нововведения в уголовно-исполнительном кодексе



Новеллы Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан по линии воспитательной и социальной - психологической работы в местах лишения свободы.

В июле 2014 года Главой государства подписан новый Уголовно-исполнительный кодекс, который направлен на приведение в соответствие с новыми Уголовным и Уголовно-процессуальным кодексами, а также совершенствование регулирования в сфере уголовно-исполнительной деятельности, который вступит в законную силу с 1 января 2015 года.

В целях стимулирования правопослушного поведения осужденного предлагается в период исполнения наказания определять степень поведения осужденного, которая позволит более дифференцированно подойти к условиям отбывания наказания.

В новом Уголовно-исполнительном кодексе совершенствуется механизм исполнения наказаний в виде лишения свободы. Ранее введенная в исправительных учреждениях прогрессивная система исполнения наказаний теперь распространяется на колонии-поселения и тюрьмы.

Система предусматривает поэтапное изменение условий содержания осужденных и стимулирует их законопослушное поведение. Положениями кодекса предусмотрено, что осужденный начинает отбывать наказание в обычных условиях, а в дальнейшем, в зависимости от его поведения, он может быть переведен на строгие либо облегченные условия.

На сегодняшний день, согласно приказу МВД РК от 30 марта 2012 года №184 положительно характеризующимся осужденным совет воспитателей отряда определяет одну из следующих степени исправления: «доказал свое исправление», «твердо встал на путь исправления», «встал на путь исправления». Отрицательно характеризующиеся — «не встал на путь исправления».

В новом же уголовно-исполнительном кодексе положительно характеризующиеся осужденные разделяются на первую, вторую и третью степень поведения, а отрицательно характеризующиеся осужденные: на нарушителей установленного порядка отбывания наказания; лиц, систематически нарушающих установленный порядок отбывания наказания; злостных нарушителей установленного порядка отбывания наказания.

Предлагаемые степени поведения осужденного будут являться основанием для изменения вида учреждения и условий отбывания наказания, что позволит более дифференцированно подойти к воспитательному процессу. В конечном счете, осужденный будет знать, что сам решает свою судьбу.

В новом Уголовно-исполнительном кодексе в главе 20 отражено воспитательное воздействие на осужденных к лишению свободы. Согласно статье 124 нового кодекса, воспитательная работа с осужденными направлена на исправление, формирование и укрепление стремления к соблюдению требований законов, труда и занятию иной общественно полезной деятельностью, повышению образовательного и культурного уровня, участию в программах, направленных на социально-правовую помощь осужденным.

В учреждениях будет также как и ранее осуществляться нравственное, социально-правовое, трудовое, физическое и иные виды воспитания в соответствии с правилами, утвержденными уполномоченным органом в сфере уголовно-исполнительной деятельности.

Воспитательная работа с осужденными будет организовываться дифференцированно с учетом вида исправительного учреждения, срока наказания, условий содержания, а также осуществляться в индивидуальных, групповых и массовых формах с применением психолого-педагогических методов.

Воспитательная работа с каждым осужденным будет проводиться с учетом индивидуальных особенностей личности осужденного и обстоятельств совершенного им преступления. Как и на сегодняшний день, участие осужденных в воспитательных мероприятиях будет

учитываться при применении к ним мер поощрения и взыскания, а также оценке их поведения.

Также в новом кодексе появилась статья 125 «Работа по социальной адаптации и психологической помощи», согласно которой администрация учреждения будет проводить работу по социальной адаптации и психологической работе с осужденными в индивидуальном порядке в соответствии с их потребностями.

Работа по социальной адаптации осужденных будет осуществляться в следующих формах: разработка индивидуальных программ по работе с осужденными; разработка, организация и реализация программ, направленных на социально-правовую помощь осужденным; привлечение государственных органов, местных исполнительных органов и общественности к социально-правовой помощи осужденным; содействие укреплению позитивных социальных связей осужденных; оказание освобождаемым лицам помощи.

Администрация учреждения в целях исправления осужденного будет содействовать восстановлению осужденного в социальном статусе полноправного члена общества, возвращению его к самостоятельной жизни в обществе на основе норм права и общепринятых норм поведения.

К проведению воспитательной работы с осужденными будет привлекаться психолог, который будет проводить диагностику индивидуально-психологических особенностей личности каждого осужденного и оказывать психологическую помощь осужденным в адаптации к условиям изоляции, социальной среде и режиму содержания, оптимизации межличностных отношений, а также в подготовке к освобождению.

Напомним, что согласно статье 107 действующего Уголовно-исполнительного кодекса в учреждениях организовываются самостоятельные организации осужденных к лишению свободы. В новой же редакции уголовно-исполнительного кодекса в силу статьи 126 появился термин «Добровольные организации осужденных», которые будут содействовать исправлению осужденных в учреждениях на добровольной основе, работающие под контролем администрации учреждения.

Из числа положительно зарекомендовавших себя осужденных будут создаваться советы коллективов учреждений и отрядов. Активное участие осужденных в работе добровольных организаций будет учитываться при определении степени поведения и составлении характеристик осужденных.

Основными задачами добровольных организаций осужденных станут: формирование в учреждении положительного морально-психологического климата; развитие позитивных социальных связей осужденных; поддержание общественно-полезной инициативы осужденных; оказание осужденным помощи в духовном, профессиональном и физическом развитии; содействие в организации труда, быта и досуга осужденных.

Принятие нового кодекса создаст условия для широкого применения наказаний, не связанных с лишением свободы, снижения уровня пенитенциарного и постпенитенциарного рецидива, социальной адаптации осужденных, а также сформирует механизм участия общественности в воспитательном процессе, проводимого с осужденными и позволит повысить эффективность уголовно-исполнительной системы, приблизить ее к международным стандартам.

Установлен двухдневный срок длительных свиданий осужденных к лишению свободы и их количество дифференцировано в зависимости от учреждения. Кодекс дополнен главами, предусматривающими положения национального превентивного механизма, общественной наблюдательной комиссии и особенности отбывания наказания в виде лишения свободы с камерным условием содержания.

Перспективным направлением является постепенный переход к камерному порядку содержания, при котором осужденный, имея в дневное время возможность передвижения и межличностного общения в пределах учреждения, в ночное время будет изолирован в отдельном помещении.

Прокуратура Майского района.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ КЕСЕЛІ

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі - паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жокқа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Паракорлықтың алдын алу,

жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Паракорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлердің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, жангерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Ү.Тілеубекова,
аудандық мәслихат
аппаратының бас маманы.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет — сіздің және сіздің болашағыңыздың айқын кепілі!

Май ауданының әскери міндеттілер
НАЗАРЫНА!

ҚР ҚМ «Павлодар облысы Май ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» РММ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне келісімшарт әскери қызметке ерікті түрде түсуге шақырады.

Әскери қызмет өту туралы ҚР ҚК келісімшарт уақыты бөлінеді:

1) үш жылға - әскери қызметке бірінші рет түскендер үшін; 2) бес жылға; 3) он жылға; 4) әскери қызмет жағдайында шекті жасқа жеткенге дейін.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өтеушілерді әлеуметтік қамтамасыз ету:

1. Әскери қызметшілердің барлық санаттары әскери қызмет міндеттерін орындағаны үшін ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі. Ақшалай үлес ақшалай қаражатты (лауазымдық айлықақыны және әскери атағы бойынша) айлықақыны қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыларды және қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да үстеме ақыларды қамтиды. Келісімшарт бойынша әскери қызметшінің солдат және сержант құрамының ақшалай үлесінің ең төмен мөлшері 60000 теңге, офицерлік құрамы 140000 теңге және мемлекеттік қызмет өтілі және лауазымдық қызметіне байланысты одан да жоғары. Пайыздық қосымшалар төленеді, (Мысалы: Әскери қызметшіге, 1 класс квалификациясы бар болуы, 20 пайыз лауазымдық айлықақыны қамтиды).

2. Әскери қызметшілер мемлекеттік бюджет есебінен мүлік нәрсесмен қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма бойынша тамақтандыру. Әскери қызметшілерді әскери медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекеттік есебінен жүзеге асырылады, тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде әскери

қызметшілерге медициналық көмек көрсету бойынша шығындарды өтеу.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілеріне жылдық негізі демалысы беріледі төлемақысы екі көлемде көтеріледі. Қазақстан Республикасының заңнама актыларымен қарастырылған әскери қызметшілеріне қосымша демалыс беріледі.

4. 2013 жылдың 1 қаңтарынан әскери қызметшілер мен оның отбасы мүшелеріне бір адамға 18 кв.м есебінен ақшалай төлемақы төлеу қарастырылған (Мысалы: статистикалық көрсеткіштер бойынша Семей қ 1 кв. Метр аренда 867 теңгені құрайды, көбейткенде 867х18 кв. м = 15606 теңге айына бір адамға. Отбасынан үш адам ай сайын 46818 теңге компенсация алады. Қажетті құжаттар пакеті жеке куәлік көшірмесі, отбасы бойынша анықтама, тұрғын үй болмауы бойынша анықтама).

5. Келісімшарт бойынша әскери қызметте жүрген әскери қызметкерлер күнтізбелік сабақ бойынша сегіз жылдан астам әскери міндетін өтеген жағдайда, ҚР жоғары оқу орындарына ақылы түрде елу пайыз жеңілдікпен оқуға түсуге құқысы бар.

6. Әскери қызметкерлер зейнетке шығу құқысы бар:

- әскери қызметкерлер солдат және кіші сержант құрамы - қырық бес жас;

- әскери қызметкерлер аға сержант құрамы және офицерлік құрамы подполковникқа (екінші ранг капитаны) – қырық жеті жас.

Толығырақ ақпарат алу үшін: ҚР ҚМ Павлодар облысы, Май ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі РММ Көктобе ауылы, Аблайхан көшесі, 34, тел.91361, 91239 арқылы хабарласуға болады.

Май ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі.

ЕСТЬ ТАКАЯ ПРОФЕССИЯ - ЗАЩИЩАТЬ РОДИНУ!

Молодые люди, которые сегодня окончили школу и не определились с выбором будущей профессии, которой посвятят свою дальнейшую жизнь. Среди многообразия профессий одна во все времена была почётная и уважаемая всем народом – защищать свою Родину. Военная служба всегда была овеяна ореолом романтизма и славы, престижа для настоящих мужчин.

В настоящее время юношам предоставляется возможность получить военное образование в Военном институте сухопутных войск ВС РК (г.Алматы), Военном институте Сил Воздушной обороны (г.Актобе), Военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи (г.Алматы), Кадетском корпусе Министерства обороны (г.Щучинск).

Обучение в военно-учебных заведениях осуществляется высококвалифицированным профессорско-преподавательским составом, особое внимание уделяется физической

года и гарантированное трудоустройство.

Необходимый профилирующий предмет при сдаче ЕНТ – физика

Выпускникам высших военных учебных заведений присваивается офицерское звание, а выпускники Кадетского корпуса МО РК сержантское звание. Гарантированно обеспечиваются работой, ежемесячной заработной платой, имеют возможность карьерного роста и, прослужив не менее восьми лет в Вооруженных Силах РК, имеют право на возмещение затрат на обучение в высших учебных заведениях РК на платной основе в размере пятидесяти процентов от стоимости обучения за счет государства. Срок выхода на пенсию до подполковника – 47 лет.

Вам необходимо при выборе будущей профессии учесть важные положительные стороны обучения в военных учебных заведениях:

Военные учебные заведения	Гражданские учебные заведения
Бесплатное престижное высшее или среднее военное и гражданское образование	Стоимость обучения от 300 000 тысяч тенге в год
Бесплатное проживание в современных и обустроенных общежитиях	Съём жилья до 30 000 тысяч тенге в месяц
Бесплатное питание (сбалансированное, режим)	Затраты на питание до 25 000 тысяч тенге в месяц
Бесплатное обеспечение вещевым довольствием (обмундирование)	Затраты на одежду до 50 000 тысяч тенге в год
Обеспечение денежным довольствием (стипендия)	?
Здоровый образ жизни, занятия спортом, строгая воинская дисциплина, что немаловажно при отрыве от родителей и родительской опеки	?
100 % трудоустройство по окончании военного учебного заведения	?
Заработная плата лейтенанта от 130 000 тысяч тенге	Преподаватели 35 000-60 000, врачи 50 000-70 000 тысяч тенге
Выход на пенсию по достижению 47 лет	Выход на пенсию по достижению 63 лет
Гарантированное право при выходе на пенсию получить квартиру в любом регионе Республики Казахстан	?

подготовке курсантов, для проведения занятий имеются современные лаборатории и тренажерные комплексы, оснащенные компьютерными классами. В свободное время курсанты имеют возможность участвовать в художественной самодеятельности, заниматься спортом оснащенных спортивных залах. В выходные и праздничные дни с курсантами проводится культурно–массовая работа посещения театров, музеев, выставок, мест боевой и трудовой славы.

Срок обучения в высших военных учебных заведениях – 4-5 лет, по окончании учебы выпускникам присваивается воинское звание лейтенант, срок обучения в Кадетском корпусе Министерства обороны на базе 11 классов – 2

При подаче заявления в Отдел по делам обороны о желании поступить в военно-учебные заведения Республики Казахстан и других государств мы оказываем помощь в оформлении личного дела кандидата.

Если Вами определен выбор связать свое будущее с воинской службой, с условиями приёма в военно – учебные заведения РК и других государств можно ознакомиться в отделе по делам обороны Майского района по адресу: с. Коктобе, ул. Аблайхана, 34, т.91361.

Отдел по делам обороны Майского района.

ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕКТЕРІ

Ұлы Жеңістің - 70 жылдығы да өтті дүркіреп, Жеңіске құрмет, Ардагерлерге тағзым бұл айтулы датамен шектеліп қалмасы анық, біздің осы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт те берекелі тірлігіміз қан майданда етікпен саз кешіп, от пен оқтың, өмір мен өлімнің арпалысқан алмағайып кезеңдерін бастарынан өткеріп, ақтық демдері таусылып, қасық қандары қалғанша, жалмауыз жаумен шайқасып, біздерге Жеңіс сыйлаған ардагерлерімізге құрмет ұрпақ парызы, перзент қарызы. Сондай-ақ төрткүл дүниені фашизм атты аждаһадан құтқаруға, қанды көйлек жауынгерлерге дем беріп, саппанның сары даласында, аңызғақ желмен шілденің шіліңгірінде орақ орып, масақ терсе, қаңтардың саршұнақ аязында қоңылтаяқ етікпен, шөмелей тартып, отын артқан, қолда бар азынаулақ тұяқ ағын, жастықтарын сұм соғыс жалмаған шиттей балаларының несібесімен бөлісіп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» ұранын ұстанған, «Қайран біздің шешелер! Арды ойлаған, Шілік шауып, ши орып, бау байлаған. Жігіттерден айырылып, қалмай қараң, Қырман басып, егін сап, арба айдаған» Осы тәуелсіз, өркеніетті елдермен терезесі тең, қолдан келгенше керегесін күннен күнге кеңейтіп, жарқын болашаққа нық қадам жасаған жасаппаз елдің, жеңімпаздардың ұрпағы, ардагерлер мен тыл майталмандарына тағзым жасауда.

«Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын». Баскөл ауылының аптал азаматтары Базилев Дәулет пен Сағитов Рустамдардың мәрттігін айтпай кетпесе болмас. Отызында орда бұзған ер-жігіттер, дәулеттері тасығандықтан емес, «Барлықтан тасымай – нарлықтан» еліне, Дәулет Ұлы

Ерболат АРҒЫНТАЕВ,
Баскөл ауылы.

Кәсіпкер назарына!

«Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 3 000 000 (үш миллион) теңге мөлшерінде мемлекеттік грант бөлу арқылы жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қолдау жүзеге асырылады. Павлодар облысында алғаш рет «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру мен іске асыру мақсатында мемлекеттік грант беру бойынша конкурс 2015 жылда маусым айында жарияланады. Өткізілетін конкурс қорытындысы әрқайсысына қатысушыға 3 000 000 (үш миллион) теңгеден грант бөлінеді.

2015 жылда 1 маусымнан бастап «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттарды беруді ұйымдастыру және іске асыру мақсатында құжаттарды қабылдауға конкурс жарияланады. Конкурс шарты www.damu.kz сайтына апта сайынғы негізде жарияланады.

Құжаттарды қабылдау мына мекенжай бойынша: Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 61-үй, №101а кабинет, анықтама үшін телефон: 65-30-69, 91380.

Вниманию предпринимателей!

В рамках государственной Программы «Дорожная карта бизнеса 2020» осуществляется поддержка начинающих предпринимателей в виде выделения государственных грантов в размере 3 000 000 (трех миллионов) тенге. в первые в Павлодарской области конкурс по предоставлению государственных грантов в целях организации и реализации проектов в рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020» объявляется конкурс в июне месяце 2015 года. Итогами проведенного конкурса является присуждение участникам гранта на сумму 3 000 000 (три миллиона) по каждому проекту.

С 1 июня 2015 года объявляется конкурс на прием документов по предоставлению государственных грантов в целях организации и реализации в рамках Программы «Дорожная карта бизнеса 2020». Условия конкурса опубликованы на сайте www.damu.kz.

Прием документов вводится по адресу: г. Павлодар ул. Ленина 61 кабинет №101а, телефон для справок 65-30-69, 91380.

Отдел предпринимательства
и сельского хозяйства.

ӨРТ – ОРМАННЫҢ ЖАУЫ!

Орманда өрт болмау үшін – Орманды өрттен сақта, жолдас!
Ол толтырылмайтын зиянды және негізгіні алып келеді, мағынасыз зиянды, орманның бір қатар сілемдерін құртады, сонымен қатар топырақтық және суқұзеткіштік міндеттерін бұзады.
Өрт тек орман өсімдіктерін құртып қана қоймайды, сонымен бірге көптеген құстар ұясын, балапандарын, кейде үлкен аңдарды да құртады.
Орманда өрт болса, оған кінәлі – адам. Бұл ормандағы жұмысшылардың, демалушылардың, туристердің, жидек немесе саңырауқұлақ терушілердің өртке салақ үндеу кесірінен пайда болады.
Орманда өрттен сақ болыңыздар!
Есте сақтаныздар, орманда мына өрт қауіпсіздік

шаралары катал рұқсат етілмейді:
- алау отты орман күзетімен белгіленбеген жерлерде жағуға;
- сөнбеген темекі мен сіріңкені лақтыруға;
- орманда ыстық заттарды тастап кетуге.
Егер де орманда өрт бастауын көрсеніз, міндетті түрде оны өшіруге талпыныңыз. Су құйып, құмды шашып немесе жерді таптау сияқты өртті өшіру шараларын қолданыңыз.
Ал егерде өртті өшіре алмасаңыз, онда міндетті түрде орман күзетіне, полицияға, өрт күзетіне хабар беріңіз.
ОРМАНДА ОТТАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Қ.Оразханов,
ТЖБ бастығы.

Жазғы бал



«Ақбота» бөбектер бақшасының ұйымдастыруымен Балаларды қорғау күніне арнап «Жазғы бал» өткізілді. Жазғы балға барлық топтың балалары аралар, көбелектер, гүлдер, өрмекшілер мен қоңыздар болып киініп, бақшасының меңгерушісі Бану Ізбасарқызы балаларды құттықтап, тілектерін білдірді. Балаларды құттықтауға Май аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, майор Н.Аманжолов



саяхатқа шығып, өнерлерін ортаға салды. Мерекеде қызықты ойындар ұйымдастырылып, балалар белсене қатысып, ертегі кейіпкерлері қонаққа келіп, балалар асфальтта сурет салды. Бөбектер шараға қатысып, балаларға арнайы сыйлықтар табыс етті.

Бөбектер бақшасының ұжымы.

ШЕШІМ ЖОБАСЫ	
Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы.	
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы “Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы” (Салық кодексі) кодексінің 387 бабының 1-1 тармағы, 444 бабының 1 тармағы, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 6 бабына сәйкес, Май аудандық мәслихаты	
ШЕШТІ:	
1. Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес пайдаланбайтын ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге Салық кодексінің 444 бабында белгіленген бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі және 378 бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемесі 7 (жеті) есеге арттырылсын.	
2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Сессия төрағасы:	
Маслихат хатшысы:	
ПРОЕКТ РЕШЕНИЯ	
Об увеличении базовых ставок земельного налога на земли сельскохозяйственного назначения.	
В соответствии с пунктом 1-1 статьи 387, пунктом 1 статьи 444 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый Кодекс) от 10 декабря 2008 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года Майский районный маслихат	
РЕШИЛ:	
1. Повысить ставки земельного налога, установленные статьей 378 и ставки единого земельного налога установленные статьей 444 Налогового кодекса на не используемые земли сельскохозяйственного назначения в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан в 7 (семь) раз.	
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня официального опубликования.	
Председатель сессии:	
Секретарь маслихата:	

Май ауданының 2015 жылғы қаңтар – сәуір айына әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕКТОР
2015 жылғы қаңтар-сәуір айында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1077,3 млн.теңгені құрады, бұл 2014 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 7,2% көбейді.
Ірі қара мал саны 2,1%-ға, қой 2,3%-ға, жылқы 16,8%-ға, түйе 150,0%-ға, құс 25,0%-ға өсті, ал ешкі саны 25,5%-ға, шошқа – 93,4%-ға азайды.
Аудан бойынша алынған бұзау төлдерінің саны – 7345 бас (2014 жылға 121,5%), қозы – 26585 (116,7 %), лақ – 7835 (71,3%), құлындар– 2299 (212,5%). 100 төлдейтін малға есептегенде бұзау түсімі 61 бас, қозы-76 бас, лақ-97, құлын-46 басты құрады.
2015 жылғы 1 мамырға жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 111 бірлікті құрады, оның ішінде 95 – жұмыс істейтіндер. Жұмыспен қамтылғандар саны 100 адамға дейін жұмыс істейтін 109 кәсіпорын тіркелді. Жұмыс істейтін заңды тұлғалар арасында 93 шағын кәсіпорын бар.
2015 жылғы қаңтар–сәуір айында бөлшек сауда көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымысыз) 732,5 млн. теңгені құрады және 2014 жылғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда 380,9 % болады.
2015 жылғы қаңтар–сәуір айында құрылыс жұмыстарының көлемі 14,9 млн.теңгені құрады.
Нақты көлем индексі 24,2%.

Тұрғын-үй ғимараттары қолданылған жоқ.
2015 жылғы қаңтар–сәуір айында негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі 14,2 млн. теңгені құрады, 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 98,1% болады.
2015 жылғы қаңтар–сәуір айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 451,8 млн. теңгені құрады, бұл 2014 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 37,8%-ға жоғары.
2015 жылғы 1 мамырға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелген заңды тұлғалар саны 19 бірлікті құрады, оның 12 бірлігі немесе 63,2%-ы жұмыс істейтіндер, яғни экономикалық қызметті іске асыратын немесе әлеуетті жүзеге асыра алатындар, 5 кәсіпорын (жұмыс істейтіндер санының 41,7 %-ы) белсенді болды.
ӘЛЕУМЕТТІК СЕКТОР
Ағымдағы жылғы сәуір айында негізгі азық-түліктерді тұтынудың ең төмен нормалары негізінде есептелген күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы 17252 теңгені құрады, бұл орташа облыс бойынша (16996 теңге) 1,5%-ға жоғары көрсеткіш.
2015 жылғы қаңтар-наурыз айында қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 62295 теңгені құрады және 2014 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,8 %-ға өсті. Нақты жалақы индексі 100 % құрады.
Май ауданы Статистика басқармасы.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Кентүбек ауылының тұрғыны **Білтаева Майра Қаукенқызының** фәни тірліктен қол үзіп, бақиға аттанғанына 40 күн толады. Жалғанда Алланың ісіне амал бар ма?! Анамыз Майра Қаукенқызы - он бала тәрбиелеген батыр ана, асыл әже, анамыздың жатқан жері жарық, топырағы мамық, жаны жәннатта болсын, иманы саламат болсын деп дұға етеміз. Қамқоршы, мейірімді, асыл анамыздың жарқын бейнесі баршамыздың жадымызда мәңгілік сақталмақ.

Сәт сайын тебіреніспен еске аламыз,

Қалай Сізді мәңгілікке қиямыз?

Соңында қалған ұрпақ бүгін, міне,

Аңсаумен өзіңізді толғанамыз.

Әрдайым жанымызда Сіз тұрасыз,

Бейнеңізді қалайша ұмытармыз.

Жатқан жерің, жан ана, торқа болсын,

Дұға етіп, еске алады ұрпағыңыз.

Майра Қаукенқызының фәни тірліктен қол үзіп, бақиға аттанғанына 14 маусымында 40 күн толады, осы күні яғни 14 маусымда Көктөбе ауылында «Шыған» кафесінде 40 күніне арналған дұға оқылып ас беріледі. (ерлерге сағат 12.00-де, әйел адамдарға 14.00-де.)

Еске алушы: Білтаевтар әулеті.



ЕСКЕ АЛЫП, АС БЕРЕМІЗ

Ата-бабаларымыздың рухына құран бағыштап, марқұм болған жақындарымызды еске аламыз.

13 маусым күні Жұмыскер ауылының асханасында сағат 14.00-де ас беріледі.

Асқа жерлестерімізді, дос-жарандарымызды шақырамыз.

Еске алушылар: Қалиакпаров және Қаужапаровтар әулеті.

Қызыл-Еңбек ауылының тумасы, адал жар, бірімізге аға, туыстарына ардақты туыс, жолдастарына қадірлі дос, үлкенді үлкен деп, кішілерді кіші деп сыйлай білген **Шәріпжанов Ақылбек Әбдікәрімұлының** фәниден бақилық дүниеге аттанғанына 13 маусымда 1 жыл толады.

Ақылшым едің, қолқанатым едің, тірегім,

Ақ көлдей аппақ еді мінезің.

Жұлдыздай ағып, неге ерте сөнді өмірің,

Көлеңкемдей болып, көлбендеп жүрген жанымда.

Көп еді алда шықпаған әлі белесің,

Тағдырдың басқа салғанына әсте көнесің.

Жыл өтті, міне, өзінді аңсап сағынтқан,

Қатыгез тағдыр еркіне бізді бағынтқан.

Өмірден кетсең, көңілден мәңгі кетпейсің,

Бір дұға арнаймыз, топырағың болсын мамықтан.

Ақылбек Әбдікәрімұлының жылына арналған ас 13 маусым күні 12.00-де Қызыл-Еңбек ауылында беріледі.

Еске алушылар: жары Айгүл, қайынатасы Мұхаметқали, туыстары, қайын-жұрты.



Баршамызға аса қадірлі, қымбатты, асыл анашымыз **Омарова Айша Кәрімханқызы** фәниден бақиға озғанына 13-ші маусымда 40 күн толмақ. Көңілі кең, жүрегі жұмсақ, әрбір айтқан сөзі ақылға толы болған анамызды сағынышпен еске аламыз. Анамыз бар болғаны 52 жасында арамьздан алыстап, қайтпас сапарға кете барды. Анамыздың иманды жүзі, жарқын бейнесі мәңгілік жүрегімізде сақталып қала бермек. Алладан тілейтініміз, анамыздың жаны жәннатта, иманы саламат, топырағы торқа, қабірі нұрға толсын дейміз.

Еске алып бүгін сені Анашым,

Жырын жазды сенің асыл балашың.

Кімге тастап кете бардың сен бізді?

Қалай емдеп, жазам жүрек жарасын.

Сен кеткелі қара тұман орнады,

Жүрегімді сұрғылт тұман торлады.

Сенің айтқан әрбір сөзің анашым,

Жүрегімнен мәңгі орын табады.

Бізді тастап кете бардың келмеске,

Зар жылаймыз түскен сайын сен еске.

Жалғызсырап әкем қалды артыңда,

Алла ісі, амал бар ма көнбеске.

Қалды гой көкірегімде бір арманым,

Қасымда жүзге дейін жүре алмадың.

Алланың нұры жаусын топырағыңа,

Басқадай жоқ қой менің, енді амалым.

Еске алушылар: жары Амангелді және балалары.

Анамыздың дүниеден озғанына 40 күн толуына орай 13-ші маусымда Қаратерек ауылының мешітінде Құран бағышталып, ас беріледі. Ерлерге 11.00-де, әйелдерге 13.00-де.



Правила безопасности на воде - Летом

При ловле рыбы с берега избегать мест около обрывистых берегов, оползневых участков. Особенно опасно падение в воду со скользкого глинистого берега. Может неожиданно обрушиться и раскисший супесчаный берег.

При ловле рыбы с лодки нельзя проявлять спешки, суесть, делать резких движений или прыжков, при вываживании рыбы — перевешиваться через борт.

Якорь следует опускать только с носа или кормы лодки. При движении по водоему ни в коем случае нельзя пересекать курс крупным судам и катерам. При волнении лодку надо держать в разрез волны — носом или кормой к ветру.

Во время грозы лучше пристать к берегу или опуститься на днище лодки, укрыться плащом и переждать грозу.

При сильном шквальном ветре лучше всего не выходить на воду (на больших водоемах) или ограничиться рыбной ловлей в прибрежной зоне или других защищенных от ветра местах.

С рыболовных баз при ветре свыше 3 баллов лодки

на водоем выпускаться не должны.

При выходе на водоем необходимо проверить, есть ли в лодке черпак. Желательно иметь и спасательные средства (на базах это условие обязательно); наиболее надежным является спасательный жилет, который лучше всего надеть сразу же, перед выходом на воду.

Надо знать, что перевернувшаяся лодка (деревянная) сначала ложится на бок, затем погружается в воду. Если помощи ждать неоткуда, надо ухватиться за лодку и, работая ногами, вывести ее на мелкое место.

Лодка с людьми при наполнении ее водой даже менее чем наполовину может неожиданно и быстро затонуть. Кстати сказать, даже сравнительно небольшое количество воды в лодке чрезвычайно ухудшает ее устойчивость, и при небольшом крене лодка может перевернуться.

Д.Ш.Идрисов,

руководитель спасательного поста.

Құттықтаймыз!

Май ауданы Қаратерек ауылының байырғы тұрғыны, мал шаруашылығы саласының майталманы, **Темірғалы тегі Сағындық** жездемізбен бірге, көп балалы ардақты ана **Еркеш** нағашы апамыз мерейлі **75 жасқа** толып отыр. Апа-жездемізге төмендегі арнауымды арнаймын:

Анамның көзіндейсің нағашы апа,

Қалған туыс анамнан өзін ғана.

Бірге жасап жездеммен ағардың ба,

Қабыл боп көп алғысы, алған бата.

Әкемнің Волгасымен барушы едік,

Сіздерді іздеп бәріміз сағынғанда.

«Бала шыққан» басынан жылқы өретін,

Жездеміз не бір жылқы көрсететін.

Құйрық жалы төгілген атқа мініп,

Сартай аға кеп үйден түстенетін.

Сейілхан атам, жыр-дастан оқытатын,

Шабыттанып, шаттанып отыратын.

Өрқашан ыстық екен нағашы жұрт,

Көңілді тәтті мұңға батыратын.

Еркеш тәте, әр кезде бізді іздейсің,

Жезде, Сіз бәрімізге әкедейсің.

Мәліш апа, Бағиран анамыздың,

Қалдырған аманаты - сөзіндейсің.

Жездемнің жігіт шағы есімізде,

Қонақ боп бажасына келген кезде.

Плэгті иығына артып, су таситын,

Атойлап жүгіруші-ек сонда бізде.

Жылқышы боп асауды тақымдайтын,

Жүйрікті бір көргеннен айнытпайтын.

Әкеме сыйға тартқан жирен бие,

Қашағанның адымын аштырмайтын,

Жарықтық жануар-ең таптырмайтын.



Жарық дүние есігін бір күнде ашқан қос құлынымыз, біз үшін ең қымбат жандар, балаларымыз, Көктөбе ауылының кішкентай тұрғындары **Қайсар** мен **Айлана** 5 маусым күні **1 жасқа** толады. Туған күндерімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір, барлық жақсылықтарды тілейміз.

Жарқырай бер, менің жарық жұлдызым,

Жанымда жүр аман-есен ұл-қызым.

Олар барда төңірегім құлпырады,

Олар менің бәйшегім, қырмызым!

Тәтті күндер таусылмасын осылай,

Қуанышқа ортақ болған досым-ай.

Қос құлыным қатар шауып бәйгеде

Мәреде мен тұрсам деймін тосып-ай!

Құттықтаушылар: әке-шешесі Болат-

Раушан, ағалары Дияз, Нариман, Дархан, Әділжан.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продам 2-этажный дом с магазинами в центре села Коктобе, по улице Казбек би 30/2 (магазин «Айну»).

Имеются два магазина, минипекарня, зимняя кухня, баня, две зимние емкости, санузел проведен в дом, эл.котел, циркуляч. насос, камин, два погреба, хоз. постройки, летний водопровод. Цена договорная. Тел: 8-771-979-0619, 8-747-206-6470

Продам квартиру. Вода в доме, электрическое отопление, баня, летняя кухня, гараж, хоз. постройки. Мебель.

Обращаться с 19.00-22.00 часов тел. 91247, Тел.моб. 8-771-559-8126, 8-701-510-7691.

Үй сатылады. Көктөбе ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі 7/2. Қора-қопсысы бар. Бау-бақшаға арналған жері кең. Байланыс телефоны: 92-0-12.

Продам сенокосилку грабли ворошилки и поперечные КУНы новые, кредит. Тел: 8-702-849-11-10, 8-771-358-00-31.

Продам кирпич силикатный, цена - 70 тенге. Силикатный (желтый) цена - 95 тенге. Возможна доставка по району. Телефон: 94-3-07, 8-777-315-2395.

В связи с прекращением предпринимательской деятельности ИП «Альменов Кадыргали Умирбекович», свидетельство о государственной регистрации серия 06915 № 0171130 считать недействительным.

Утерянный аттестат о 9-летнем образовании выданный общеобразовательной школой имени Е.Мукашева Майского района в 2003 году на имя Елехина Валерия Анатольевича считать недействительным.

В связи с утерей диплома и приложение к диплому о среднем специальном образовании выданный Аксуским физкультурным техникумом за серией ОАБ - II №0047261 от 30.06.1994 года на имя Узбекова Руслана Айткалиевича считать недействительным.

Газет құрылтайшысы:

Аудан әкімдігі

Меншік иесі:

Май ауданы әкімдігінің «Май ауданының ақпараттық орталығы» ЖШС «Шамшырақ» газетінің редакциясы

Директор (редактор)

Т.Қ.САРИН

Автордың пікірі редакция

қозғарсына сәйкес келе

бермеуі мүмкін.

Мақалаларда көрсетілген

ақпараттар мен деректерге

авторлар жауап береді.

Жарнама материалдарының

мазмұнына жарнама

берушілер жауап береді.

Хаттар, қолжазбалар

рецензияланбайды және

қайтарылмайды.

Шамшырақ

Мекен-жайымыз: 140800 Павлодар облысы,

Көктөбе селосы, Қазыбек би көшесі, 24 үй.

Эл. пошта: shammai@mail.ru

kauyrsyn@mail.ru

Байланыс тел. 8 (71838) 40-0-85

Газет ҚР

Мәдениет және

әкпарат

министірлігінде

тіркеліп, 2007

жылдың 19

наурызында №

8177-Г куәлігі

берілген.

Газет әр аптаның сенбі

күні шығады.

Таралымы - 1200 дана.

Редакция компьютерінде

теріліп, беттеледі.

«Баспасөз үйі» ЖШС

баспаханасында басылады.

Павлодар қаласы, Ленин

к., 143 үй.

Тапсырыс № 1115